

MATERIŁY
XX MIĘDZYNARODOWEJ NAUKOWI-
PRAKTYCZNEJ KONFERENCJI

NAUKOWA PRZESTRZEŃ EUROPY -
2023

07 - 15 kwietnia 2023 roku

Volume 1
Ekonomiczne nauki

Przemysł
Nauka i studia
2023

Adres wydawcy i redakcji:
37-700 Przemyśl ,
ul. Łukasieńskiego 7

Materiały XX Międzynarodowej naukowo-praktycznej konferencji ,«Naukowa przestrzeń Europy - 2023» , Volume 1 Przemyśl: Nauka i studia -160 s.

Zespół redakcyjny:
dr hab. Jerzy Ciborowski (redaktor prowadzą),
mgr inż Dorota
Michałowska, mgr inż Elżbieta Zawadzki,
Andrzej Smoluk, Mieczysław
Luty, mgr inż Andrzej Leśniak,
Katarzyna Szuszkiewicz.

**Materiały XX Międzynarodowej naukowo-praktycznej konferencji ,
«Naukowa przestrzeń Europy - 2023» , 07 - 15 kwietnia 2023 roku po
sekcjach: Ekonomiczne nauki.**

e-mail: praha@rusnauka.com

Cena 54,90 zł (w tym VAT 23%)

ISSN 1561-6916

© Kolektyw autorów , 2023

© Nauka i studia, 2023

EKONOMICZNE NAUKI
Gospodarka przedsiębiorstwa

Утегенова Камшат Амандыковна
Қорқыт Ата атындағы ҚУ, э.э.к.
Баратова Таншолпан Рашидқызы
Қорқыт Ата атындағы ҚУ-нің магистранты

МҰНАЙ ӨНДЕУ ӨНДІРІСІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ РЕТТЕУ

Бүгінгі күні еліміз халқының өмір сүруінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуде тиімді экономиканы құру және де әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің ішінде Қазақстанның лайықты орынға ие болуы жоғары ұлттық басымдылық болып табылады. Оны жүзеге асыру үшін еліміздің дүниежүзілік нарықта сұранысқа ие болып отырған минералды-шикізат ресурстары, көптеген дамушы елдермен салыстырғанда айтарлықтай қарқынмен дамыған өндірістік-экономикалық әлеуеті және оған қоса халықтың жалпы білімінің жоғары деңгейі мен білікті кадрлар әбден жеткілікті. Осы факторларды еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуының ұзақ мерзімді стратегиясы шеңберінде тиімді пайдалану оның тұрақты даму траекториясына шығуына және қоғамның әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығы мен экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жағдай туғызатыны белгілі.

Қызылорда облысында 2022 жылғы 10 айдағы әлеуметтік-экономикалық дамуды сипаттайтын бірқатар макрокөрсеткіште өсім қалыптасты және облыс республика өңірлері арасында үздік бестік қатарына кірді.

Дегенмен, өнеркәсіп өндірісінде көрсеткіш 1,3%-ға төмендеді (854,2 млрд теңге). Бұл негізінен мұнай кен орындарының суалуы, тозуы салдарынан мұнай өндіру көлемінің 7,8%-ға (207 мың тоннаға азайған) төмендеуінен болып отыр.

Экономикалық даму деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер: жалпы өңірлік өнім көлемі 2022 жылдың I жартыжылдығында 1 009,1 млрд теңгеге жетіп, өсім 1,2%-ды құрады. Ал жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім көлемі 1 222 мың теңгені құрады.

Өңірлік экономика құрылымын әртараптандыру, шикізаттық емес секторды (өңдеу саласы) дамыту шаралары жалғасып жатыр. Индустрияландыру бағдарламасы аясында облыс орталығында шыны зауыты іске қосылып, өнім өндіріліп жатыр. Биыл 40 мың тонна шыны шығару жоспарда бар. Алдағы міндет – өңір экономикасының өсуіне серпін беретін бұл өндірістің жобалық қуаттылыққа шығуын қамтамасыз ету (жылына 197 мың тонна). Өңдеу саласындағы ірі кәсіпорын «Аралтұз» компаниясы жаңа 3 испан цехын қосып, еңбек өнімділігін екі есе арттырды. Тау-кен және металлургия өнеркәсібінде «Шалқия» қорғасын-мырыш және «Баласауысқандық» ванадий кен орындарын игеру жобалары өңір экономикасының дамуына ықпал етпек.

Жалпы Индустрияландыру аясында өңірде жалпы құны 613,1 млрд теңге болатын 37 жобаны жүзеге асыру көзделіп отыр. Оның биыл құны 4 млрд теңгені құрайтын 5 жобасы іске қосылады.

Мұнай газ саласындағы жағдайды реттеу және жаңа мұнай кен орындарын анықтау мақсатында 2021 жылдан бері «Шу Сарысу», «Арал» шөгінді бассейндерінде геологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Биыл Шу-Сарысу шөгінді бассейнінде геологиялық-геофизикалық зерттеу жұмыстары аяқталады. Жұмыстардың келесі кезеңін – «мұнай-газ өндіру әлеуетін бағалауды» барлау жүргізетін компаниялар атқаратын болады.

Сонымен қатар мұнай-газ секторындағы жағдайды реттеудің бірнеше шаралары орталық мемлекеттік органдарға ұсынылып, пысықталып жатыр. Атап айтқанда: мұнай өндірудің жаңа әдісін енгізу аясында «ҚазМұнайГаз» АҚ-мен 5 мың метрден астам тереңдікте көмірсутек шикізатына геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу, мұнай кен орындарындағы мұнай өндіру көлемін арттырудың құралы ретінде пайдаланып келген газды өңдеу жұмыстары.

2022 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша Қызылорда облысының аумағында өңдеу өнеркәсібімен айналысатын 328 кәсіпорын жұмыс істеп, 3 289 адамды жұмыспен қамтып отыр. Биылғы жылдың 10 ай қорытындысымен өңдеу өнеркәсібі саласында 193,8 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 8,3%-ға артты.

Соңғы 3 жылда өнеркәсіптік өндіріс құрылымындағы өңдеу өнеркәсібі үлесінің артуы байқалады, өсім 6,8%-ды құрады (2019 ж. – 17%; 2020 ж. – 23,2%; 2021 ж. – 23,8%) [1].

Қызылорда облысында инновациялық технология бойынша күрделі мұнай шикізатын өңдейтін қондырғы іске қосылды. Осыған байланысты мұнай қалдықтарын өңдеудің жаңа инновациялық ғылыми әдістерін қолдану ерекше назар аударуға тұрарлық.

Жоба Ғылым қорының қолдауымен жүзеге асырылуда. 2017 жылы оны жүзеге асыруға 300 миллион теңге бөлінсе, 346 миллион теңгеге жуығы қоса қаржыландыру болды. Сонымен қатар, жобаның жұмысына «Байқоңыр» ӘКК-нен 500 миллион теңгеге жуық қаражат тартылған. Қондырғы мұнайдың 95-97% қалдықтан тауарлық түрге қайтарылуымен мұнай шламының және басқа да мұнай қалдықтарының түзілуі мен жинақталуы бойынша мұнай өнеркәсібінің мәселесін шешеді.

Жаңа технология кәсіпорындардың – мұнай кен орындарын пайдаланушылардың, мұнай өңдеу зауыттарының, мұнай қалдықтары полигондарының иелерінің, Қызылорда облысының мамандандырылған сервистік компанияларының қызығушылығын тудырды. Бұл салада жобаның Қазақстанда баламасы жоқ. Соңғы 5 жылда экология саласындағы Ғылым қоры 10 жобаны қолдап, оның сатылымы 1 миллиард теңгеден астам, бюджетке төленетін төлем көлемі 200 миллион теңгеге жуықтады [2].

Қызылорда облысы өнеркәсібінің 90%-ға жуығын кен өндіру секторы – мұнай мен уран құрайды. Өңірде мұнай-газ компаниялары жүйе құраушы кәсіпорын болып табылады. Бүгінде мұнай және мұнай өнімдері үлкен көлемде

экспортқа шикізат күйінде шығарылуда, есесіне дайын мұнай өнімдері мен химиялық өнімдер импорты жыл сайын өсіп келеді. Сонымен қатар, облысымыз мыс, қорғасын, мырыш, алтын сияқты бағалы металдардың өндірісі бар. Жеріміз қара металдарға да бай: темір, титан, ванадий өндіріледі. Егер кен өндіру жобаларын іске асырумен шектелмей, шикізат қорын өңдей бастасақ, Қызылорда дотацияларға мұқтаж болмайтын, өзін-өзі қамтамасыз ететін өңірге айналушы еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://primeminister.kz/kz/news/reviews/biyl-kyzylorda-oblysynan-804>
2. <https://korkyt.edu.kz/ru/article/165>

Макенова Айгуль Акимжановна

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «Қаржы, есеп және аудит»
кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.к.*

Аманжол Арайлым Темірқызы

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті 7М04144 – Қаржы
мамандығының магистранты*

ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ САЛЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Түйін сөздер: шағын кәсіпкерлік, салықтық реттеу, мемлекеттік қолдау, шетелдік тәжірибе, арнаулы салық режимі

Ключевые слова: малый бизнес, налоговое регулирование, государственная поддержка, зарубежный опыт, специальный налоговый режим

Keywords: small business, tax adjusting, state support, foreign experience, dedicated tax mode

Шағын кәсіпкерлік экономиканың әрі ұтқыр, әрі нәтижелі секторының бірі болып саналады және ішкі жалпы өнімнің елеулі бөлігін өндіру оның үлесіне тиеді, онда халықтың белсенді тобының басым бөлігі жұмыс істейді. Шағын кәсіпкерлік тек жұмыс орнын тудырып қана қоймайды, сонымен бірге ол экономиканың бәсекелестігін, серпінділігін және көп жақтылығын жасауға да үлкен үлес қосады.

Қазіргі таңда Қазақстанда шағын кәсіпкерліктің дамуын қолдау экономикалық саясаттың басыңқы бағыттарының бірі болып табылады. Оны басты бағыттарының бірі деуіміздің себебі, халықты жұмыспен қамтамасыз ету мен отандық тауар өндіруші кәсіпорындарды дамыту, нарықты жергілікті тауарлармен қамтамасыз ету оның үлесіне тиеді.

Кез-келген қоғамда үнемі ілгерілеу немесе дамуды қалайтын болса, әсіресе экономикалық даму үшін жеке азаматтардың бастамасына көңіл бөледі. Шағын

кәсіпкерліктің дамуы - бұл жалпы экономикалық дамудың бастамасы.

Кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік қолдау механизмі әлеуметтік-экономикалық өсу мақсатында кәсіпкерлердің әлуетін пайдалану үшін тұрақты экономикалық және саяси ортаны, әлеуметтік, құқықтық базаны қалыптастыру жолымен қазіргі кездегі кәсіпкерліктің тұрақты дамуы үшін барынша қолайлы жағдай жасауға бағытталған ықпал етуші нысандар мен әдістердің жиынтығын білдіреді.

Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік саясаты тек тікелей реттеумен ғана шектелмейді, сонымен қатар жанама түрде де реттейді. Оларға қайтарымсыз және қайтарымды субсидияларды, несиелерді, дайын өнім өндірісіне тапсырыс-келісімдерді, салықтық және амортизациялық заңдар және т.б. жатқызуға болады. Дамыған елдердің көбісінде шағын кәсіпкерлікті қолдау жергілікті өкімет тарапынан іске асырылады. Әлеуметтік-экономикалық мәселелердің барлық секторынан бұрын жұмыспен қамтылу мәселесі шешіледі.

Қазақстанға келер болсақ, онда жасалған нормативтік- құқықтық база республикадағы әлеуметтік-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етеді, ал мемлекеттік қолдау механизмі кәсіпкерлік ортаны қалыптастыруға қажетті жағдай жасауға әкеледі.

Қазақстандағы шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту бағдарламасы кейбір кемшіліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Мәселелерді шешудің стратегиялық тәсілін күшейтетін және жекелеген бағыттарға шоғырландыру, алға қойылған мақсаттарға жету бойынша басымдықтарды тізбекті түрде өзгерту қажетті деп танылды. Сонымен қатар әрбір нақты аймақтағы географиялық, экономикалық, демографиялық және басқа да шарттар ескерілуі керек және тек басымды салалар ғана емес, басымды аймақтар да анықталуы керек.

Экономикасы дамыған елдерде шағын бизнесті жан-жақты қолдау жүйесі өте жақсы үйлестірілген. Бұл мемлекеттік қаржылық институттар, қаржылық бағдарламаларды қайта өңдеу, екінші деңгейлі банктер арқылы несиелеу, мамандандырылған коммерциялық қаржылық мекемелері: венчурлық,

инвестициялық, сақтандыру компаниялары арқылы, салық жүйесінде түрлі жеңілдіктер беру арқылы шағын бизнестің динамикалық дамуына жағдайлар жасалған.

Нәтижесінде сол елдерде шағын кәсіпорындардың үлесі ішкі жалпы өнім (ІЖӨ) құрылымында айтарлықтай үлкен салмаққа ие. Жапонияда шағын және орта кәсіпорындар үлесі, жалпы экономикадағы кәсіпорындардың үлесінің 90%-нан жоғары, Италия, Франция және Австрияда 70%-дан жоғары, ал АҚШ, Ұлыбритания, Бельгияда – 50-70% құрайды. Шағын және орта кәсіпкерліктің ЖІӨ-гі үлесі АҚШ, Жапония, Ұлыбритания, Италия, Германия және Францияда 50-ден 70%-ға дейінгі аралықта. Ал Қазақстанда 2021 жылы ШОК субъектілері өнім шығарылымының ЖІӨ үлесі 23 пайыз шамасында.

2021 жылы шағын және орта бизнес 31,2 трлн теңгеге өнім өндірді. Республика бойынша 3,4 млн адам шағын және орта бизнес саласында жұмыс істейді. Кәсіпкерлікті қолдау және дамыту үшін бизнес-климатты жақсарту бойынша бірқатар шаралар қабылданды. Бұл салықтық ынталандыру, тексерулерді азайту және несиелеуді кеңейту.

Әсіресе экономиканы әртараптандыру тұрғысынан шағын және орта кәсіпорындардың пайда болуы мен өсуін ынталандыратын саясат маңызды. Ресми деректерге сүйенсек, қазіргі уақытта Қазақстанда ШОБ қосылған құнның тек 26,8% және жұмыспен қамтудың 31% құрады, ал ЭЫДҰ елдерінің көпшілігінде бұл тиісінше 57% және 60-70% [1].

Салық жүйесінде қазыналық (фискалдық) бағыттың қарқындылығы, шағын және орта бизнес субъектілерін мемлекеттік қолдауда, әсіресе салықтық қолдаудың әлі де болса әлсіз тұстарының болуы осы саланың дамуын тежеуде.

Қазақстанда нарықтық экономиканың қалыптасу кезінде, шағын және орта бизнеске кері әсер етпейтін, оңтайлы салық жүйесін құру ең негізгі мәселе. Сондықтан бюджет пен кәсіпкерлер арасындағы экономикалық қарым-қатынастың шешуі қиын мәселе болып кәсіпкерлік қызметте салықтық реттеуді оқтайландыру, фискалдық және салық қызметін реттеу жатады. Бұл

мәселелердің тез әрі дұрыс шешімін табуы халықтың әлеуметтік жағдайының өзгеруіне, экономикалық дағдарыс ұзақтығына, экономикалық реформа жетістіктеріне, республикамызда кәсіпкерліктің қарқынды дамуына тікелей байланысты.

Өндірісі дамыған елдердің тәжірибесі жоғарғы икемділікке ие болатын мемлекеттік қолдаудың жанама шараларының неғұрлым нәтижелі екендігін көрсетеді. Оларға шағын кәсіпкерліктің қызмет ету жағдайын жеңілдетуге арналған толып жатқан салықтық шегермелер мен жеңілдіктер жатады (негізгі және айналмалы қорларды жасау, инвестицияларды құру, ғылыми-техникалық зерттеу, мамандарды дайындау, экспорт және т.б.).

Салықтық сипаттағы шаралардың ішінен төмендегілерді атауға болады:

- шағын кәсіпорындарды алғашқы екі-үш жыл бойына пайдаға деген салықтан толығымен босату, одан кейінгі төрт-бес жылда бірқатар жеңілдіктер беру;

- прогрессивті салық жүйесін қалыптастыру;

- салықтың кейбір түрлері бойынша берілетін жеңілдіктер;

- кәсіпкерлерді кешеуіл қалған аудандарға тарту үшін төмендетілген салық мөлшерлемесін белгілеу;

- инновациялық бизнесті дамыту үшін берілетін салықтық жеңілдіктер;

- жеделдетілген амортизация тәртібі;

- мамандарды дайындауға арналған қаржыларға деген салықтық шегермелер;

- салық салынбайтын пайда резервін жасау.

Әр түрлі елде салықтық жеңілдіктер беру жүйесі бірдей болмағанымен, жалпы алғанда оның шағын кәсіпкерлікгі дамытуға бағытталғандығын көруге болады.

Мысалы, Францияда әрекет етуші салықтық заңдылық бойышша жаңа

шағын кәсіпорындар алғашқы екі жыл бойына пайдаға деген салықтан толық босатылған; ал үшінші жылы - 75%; төртінші жылы - 50%; бесінші жылы - 25% жеңілдік беріледі. Уақытша өтімділігі қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда бірқатар салықтарды төлеу мерзімін ұзарту мүмкіндігі қысқартылған.

Данияда шағын фирма салық салынатын табыстан барлық қарыздар бойынша төлемдерді, машиналарға, жабдықтар мен ғимараттарға арналған амортизациялық алымдарды алып тастайды. Егер компания шығынға ұшыраса, онда ол келесі жылғы салық төлемінен босатылады. Жапония, АҚШ, Ұлыбритания, Германияда пайда мен қосылған құнға салынатын салықтар мөлшерлемесі жылдық табыс көлеміне қарай іріктелген. Шағын кәсіпорындар үшін төмендетілген салық мөлшерлемесі мемлекет тұрғысынан ғана емес, жергілікті өкімет ұйымдарымен де белгіленеді.

Жапонияда капиталы 100 млн. иеннен аспайтын кәсіпорындар үшін төмендетілген салық мөлшерлемесі қолданылады: 8 млн. иенге дейінгі толық табысқа – 28 пайыздық мөлшерлеме; ал бұдан асатын табысқа - 37%. Кооперативтік ұйымдар - 27% мөлшерінде салықпен қамтылады. Шағын және орташа кәсіпорындар жергілікті салықтар бойынша төмендетілген мөлшерлеме түрінде салықтық жеңілдіктерге ие. Егер корпорацияның жылдық айналымы 3,5 млн. иеннен аспаса 6%; 3,5-нан 7 млн. иенге дейін - 9%; 7 миллионнан жоғары болса - 12 пайыздық мөлшерлеме әрекет етеді[2].

Нарықтық экономика жағдайында кәсіпкерлерге салық салудың әр алуан жүйелерінің тиімділігін бағалауда басты болып экономикалық дамудың нақты кезеңіндегі негізгі міндеттер дер кезінде анықтау және дұрыс бағытқа қою табылады. Дамыған нарықтық экономикалы елдердің салық салу жүйесіндегі қазіргі қалыптасқан кезеңде кәсіпкерлерге салық салу басты рөл атқарады. Қазақстан салық жүйесінің нарықтық реформалардағы міндеттерін анықтау үшін басқа елдердің кәсіпкерлерге салық салу жүйесін терең талдау жүргізу қажет, сондай-ақ осы үдерістегі бастапқы отандық жағдайды бағалау керек.

ҚР-ның аумағында бүгінгі күні кәсіпкерлерге салық салу тәртібі біршама

болсада жеңілдетілген, бірақ толық шешімін тапты деуге болмайды.

Еліміздегі шағын кәсіпкерлікті дамыту, қолдау мақсатында Қазақстан Салық кодексінде шағын кәсіпкерлік субъектілеріне салық салу рәсімін оңайлатуға бағытталған арнайы салық режимі қаралған [3].

Бәрімізге мәлім, шағын кәсіпкерлік секторы экономиканы әртараптандыруға, тұрақты қарқындармен дамытуға мүмкіндік береді. Осы тенденция біздің елімізде қалыптаса қойған жоқ. Сондай-ақ жоғарыдағы үлестік көрсеткіштер дамыған мемлекеттердің экономикасымен салыстырғанда мардымсыз болып табылады. Мұндай жағдайдың қалыптасуы мемлекеттік реттеу мен қолдауға, шағын кәсіпкерліктің ішкі және сыртқы орталарына қатысты әр алуан аспектілі қиындықтары мен проблемаларына байланысты.

Яғни, еліміздің экономикасының әрбір саласында шағын кәсіпкерлікті дамыту, олардың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін арттыру негізінде халықты жұмыспен қамтамасыз ету, олардың тұрмыстық жағдайын жақсарту, қаржы тапшылығы, материалдық-техникалық ресурстардың жетіспеушілігі, өнеркәсіптегі дағдарыстың бетін қайтару, экономика саласын тұрақтандыру мүмкіндіктері әлі де болса жойылмауы себепті қазіргі кезде күрделі мәселелердің бірі болып отыр.

Шағын және орта кәсіпкерлік инновациялық экономикадан алатын өз орнын жедел іздеуі үшін өзінің икемділігін, жинақтылығын, нарықтың шынайылығын пайдалануы тиіс. Өз кезегінде мемлекет кәсіпкерлік ортаның белсенділігін жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасап, өзінің көмегін шағын және орта кәсіпкерліктің бәсекеге қабілеті жоғары және елдің ғылыми-техникалық күш қуатын көтеру көзқарасы тұрғысынан мүмкіндігі зор кәсіпорындарға бағыттауы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР ҰЭМ-нің Статистика комитеті. «Қазақстан кәсіпкерлерінің іскерлік белсенділігі» Конъюктуралық зерттеу нәтижелері. №1.2020ж.//stat.gov.kz

2. Батталова С.Т., Гумар Н.А. Меры поддержки субъектов малого предпринимательства в рамках налоговых льгот //Меридиан (научный электронный журнал) 2021. - №2 (55). <https://business.kainar-edu.kz/wp-content/uploads/2021/04/>

3. Налоговые стимулы, ограничение проверок и льготное кредитование: какие меры принимаются в РК для поддержки бизнеса в период ЧП. <https://primeminister.kz/ru/news/reviews/nalogovye-stimuly-ogranichenie-proverok-i-lgotnoe-kreditovanie-kakie-mery-prinimayutsya-v-rk-dlya-podderzhki-biznesa-v-period-chp-1134527>

Түйін

Мақалада елімізде шағын кәсіпкерлікті қолдаудың салықтық аспектілері зерттелген.

Экономикасы дамыған елдерде қаржылық институттар, екінші деңгейлі банктер арқылы несиелеу, мамандандырылған венчурлық, инвестициялық, сақтандыру компаниялары арқылы, сол сияқты шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудағы негізгі қолдау шараларының бірі салық жүйесінде түрлі жеңілдіктер мен шегерімдер, арнаулы әдіс-тәсілдер арқылы шағын бизнестің динамикалық дамуын қолдау жүйелеріне талдау жасалған және оларды Қазақстанда қолдану жолдарын ұсынған.

Резюме

В статье рассмотрены налоговые аспекты стимулирования развития малого бизнеса.

Сделан анализ систем стимулирования динамического развития малого бизнеса через финансовые институты, кредитования банками второго уровня, специализированные венчурные, инвестиционные, страховые компании, а также как одного из методов государственной поддержки - налоговых льгот и вычетов, специальных методов, применяемых в экономический развитых странах и предложены пути их использования в Казахстане.

Summary

The article deals with the tax aspects of stimulating the development of small businesses. The analysis of incentive schemes for dynamic development of small businesses through financial institutions, lending by banks, specialized venture capital, investment, insurance companies, as well as one of the methods of state support - tax exemptions and deductions, special methods used in the country's economic development and the ways their use in Kazakhstan.

Gospodarka rolna

Жаннакова Н.Н., Тулеметова А.С., Карибеков Ж.Б.

Южно-Казахстанский университет им. М.Ауэзова


АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстандағы аграрлық өндірістің қалыптасып отырған жағдайы ауыл шаруашылығы саласын дамытудың жаңа басымдықтарын әзірлеуге қажеттілікті туындатты. Мемлекеттің аграрлық саясатының басым міндеттері ішкі және әлемдік нарықтардағы аграрлық сектордың тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады. Бұл өз кезегінде агроөнеркәсіп кешенін дамытудың инновациялық жолына өтуін көздейді. Инновациялық үдерістер экономиканың аграрлық секторының нақты жаңғыруына (модернизациялануына) мүмкіндік беретіндіктен маңызды орынға ие. Отандық ауыл шаруашылық өнімдерінің көптеген параметрлер бойынша бәсекеге қабілетсіз болуы бұл саланы жаңғыртуға деген қажеттілікті арттырып отыр.

Аграрлық өндірістің қарқындылығы, еңбек өнімділігі, өнім сапасы, табыс деңгейі енгізілген инновациялар деңгейіне байланысты екендігін ескерсек, ауыл шаруашылығы саласына инновацияларды енгізудің қажеттілігі айқындала түседі.

Ауылшаруашылық өндірісіндегі күрделі мәселелердің бірі инновацияны енгізу деңгейінің төмен болуы мен инновацияны жасаудағы инвестиция көлемінің күрт төмендеп кетуі. Тұтас алғанда, агроөнеркәсіп кешені (АӨК) салаларындағы төмен рентабельділік, жеке айналым қорларының ылғи да жетіспеушілігі, сонымен қатар кепілдікке қоятын мүліктерінің өтімділік деңгейінің болмауы оның салалары үшін инновациялық жете зерттеулер мен капитал салымдарын салуды тежеп отыр [1].

Ауыл шаруашылығына қатысты инновациялық қызмет - жаңа немесе жақсартылған ауыл шаруашылығы өнімдері мен өңделген өнімдерін немесе ғылыми зерттеулер, талдамалар мен алдыңғы қатарлы өндірістік тәжірибе нәтижелерін қолдану негізінде өндірістің жетілдірілген технологиялары мен ұйымдастыруды құру бойынша бірінен соң бірі жүзеге асырылатын іс-әрекеттердің жиынтығы болып табылады. АӨК-те әрдайым және үздіксіз іске асырылатын инновациялық қызмет ғылыми зерттеулер мен талдамаларды жүргізу, инновацияларды құру мен оларды тікелей агроөнеркәсіптік өндірісте игеру бойынша заңды әрі дәйекті кезектесіп келетін нақты іс-шаралар жүйесі ретінде алға шығатын инновациялық үдерістің құрылуын көздейді. Ауыл шаруашылығындағы инновациялық үдерістің өзінің ерекшеліктері бар (1- сурет).



Сурет 1- Ауыл шаруашылығындағы инновациялық үдерістің ерекшеліктері

Агроөнеркәсіптік кешенге қатысты инновациялық үдерістердің ұйымдастырушылық-экономикалық мәні - ғылым мен техниканың әлемдік жетістіктері есебінен жетілдірілуге бағытталған агроөнеркәсіптік өндірістің үздіксіз ұйымдастырушылық, экономикалық, техникалық және технологиялық жаңартылуына негізделген оның дамуының мақсаттары мен міндеттеріне

байланысты. Ауыл шаруашылығында инновациялық үдеріс әр түрлі формаларда жүруі мүмкін: интенсивті түрде, баяу екпінмен немесе өте ақырын, яғни экстенсивті түрде. АӨК-те қолданылатын барлық инновациялар бір-бірімен тығыз байланысты, бірыңғай аймақтық әлеуметтік-экономикалық жүйеде көрініс табады, сондықтан оны инновациялық тетікті қалыптастыруда ескеру қажет. Аграрлық салада қолданылу сферасы мен мәніне қарай инновацияның төрт типін бөлу қарастырылады: селекциялық-генетикалық; технологиялық-өндірістік; ұйымдастырушылық-басқарушылық және экономикалық; әлеуметтік-экологиялық.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық инновациялар жаңа ұйымдастырушылық-құқықтық құрылымдарды (агрохолдингтер, агроұйымдар, технопарктер, ақпараттық-кеңес беру жүйелері) құруда институционалдық жаңа енгізілімдерді қамтиды. Экономикалық инновациялар өндіріс пен нарықты реттеуде қолданыс табады.

Әлеуметтік-экологиялық инновациялар әлеуметтік жүйеде, ауылдық территорияларды кешенді дамытуда, экологиялық мәселелерді шешудің жаңа әдістерін енгізуде маңызды. Аграрлық инновациялар жаңашылдық деңгейі бойынша үшке бөлінеді:

1. Серпінді инновациялар - инновациялық механизация, гендік инженерия, спутниктік навигация.
2. Негізгі инновациялар - жаңа немесе жетілдірілген механизмдер, өсімдік сұрыптары және жануарлар мен құстар тұқымдары.
3. Жақсартылған инновациялар - азықтандыру технологиялары, топырақ құнарлылығын арттыру технологиялары.

Кесте 1 - Ауыл шаруашылығында инновациялардың негізгі түрлері [2]

Селекциялық-генетикалық	Технологиялық-өндірістік	Ұйымдастырушылық-басқарушылық және экономикалық	Әлеуметтік-экологиялық
Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің жаңа сұрыптары мен гибридтері, жануарлардың жаңа түрлері мен типтері. Аурулар мен зиянкестерге, қоршаған ортаның қолайсыз факторларына төтеп бере алатын өсімдіктер мен жануарларды өсіру.	Ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру технологиялары, мал шаруашылығында индустриалдық технологиялар. Егіншілік пен мал шаруашылығының ғылыми негізделген жүйелері. Тыңайтқыштар мен олардың жүйелері. Өсімдіктерді қорғау амалдары. Егіншіліктің биологизациясы мен экологизациясы. Азық-түлік өнімдерінің тұтынушылық құндылығын арттыруға бағытталған өндірістің және азық-түлік өнімдерін сақтаудың ресурстық-жинақтық технологиялары.	Кооперациялардың дамуы және біріктірілген құрылымдардың құрылуы. Техникалық қызмет көрсету формалары және ресурстармен қамтамасыз ету. Еңбек пен басқаруды ұйымдастыру және ынталандырудың формалары. Инновациялар маркетингі. Ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет сферасында инновациялық-кеңістік жүйелерін құру. Шешімдерді қабылдау тұжырымдамалары мен әдістері. Инновациялық дамудың формалары мен механизмдері.	АӨК-ті ғылыми-техникалық қамтамасыз етуші кадрлар жүйесін қалыптастыру. Еңбек жағдайын жақсарту, ауылдарда денсаулық сақтау, білім беру және мәдениет салаларындағы мәселелерді шешу. Қоршаған ортаны сауықтандыру және сапасын арттыру. Халықты өмір сүру, еңбек ету және демалысқа қолайлы экологиялық жағдаймен қамтамасыз ету.

Ауыл шаруашылығында өндірістің өнеркәсіптік құралдарымен қатар өндірістік үдерісте өсімдік және мал шаруашылығы әлеуеті белсенді іске қосылған. АӨК-тегі инновациялардың осындай кешенді сипаты инновациялық механизмге арнайы талаптар қояды. АӨК инновациялық қызметінің экономикалық механизмі жоспарлаудан, стратегиялық басқарудан, мемлекеттік қолдаудан, маркетингтен, қаржыландырудан, баға қалыптастырудан, салық салу және сақтандырудан тұрады. Инновациялық қызметтің мұндай механизмі ауыл

шаруашылығы саласындағы инновациялық үдерісті белсендендіруге оң ықпалын тигізуі тиіс.

Кесте 2 - Ауыл шаруашылығында шаруашылық стратегиясының үлгілері

I	II	III	IV
Белсенді нарықтық стратегия	Дәстүрлі шаруашылық стратегия	Ақылға қонымсыз шаруашылық стратегия	Пассивті-күтуші шаруашылық стратегия
Алдыңғы қатарлы технологияларды енгізуді қамтитын үлгі.	Мамандандыруды, ұйымдастырылған өнім өткізуді және оның қайта өңделуін сипаттайтын үлгі.	Төмен инновациялық белсенділікпен ерекшеленетін үлгі, ауыл шаруашылығы техникасы және басқа да құрал-жабдықтар қарызға алынады.	Үлгі инновацияның жоқтығымен, өндірісті еріксіз диверсификациялаумен сипаттайды.
Өндіріс тиімділігі 40% кем емес.	Өндіріс тиімділігі 11% кем емес.	Несиелік қарыз дебиторлық берешектен 15 есе асып түседі.	Өндіріс дамымайды.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, жалпы республика бойынша астық дақылдарының орташа шығымдылығы 2011-2015 жылдар аралығында әр гектардан 12,0 ц мөлшерінде болып отыр, яғни 2006-2010 жылдармен салыстырғанда тек 10 пайызға (11,1 ц/га) ғана өскен, ал 2001-2005 жылдарға қарағанда (10,7 ц/га) өсім небәрі 14 пайызды құрайды [3]. Мал шаруашылығының өнімділігі 2006-2010 жылдармен салыстырғанда тек 1,6 пайызға өсіп, ал 2001-2005 жылдарға қарағанда өсім 9,3 пайызды құраған (сүт өнімдері). Сол сияқты ет өнімдерінің өнімділігі сәйкесінше, 2,6 пайыз және 24 пайыз өсімді құрады. Бұл келтірілген деректер Қазақстанның аграрлық секторындағы инновациялық дамудың төмен деңгейде екендігін айқындап отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Д.А. Калдияров Қазақстан Республикасындағы агроөнеркәсіптік өндірісті инновациялық дамыту //Проблемы агрорынка. - 2016 - №4- С. 1215.
2. Сансызбаева Г.Н., Искендинова С.К. Государственное регулирование сельского хозяйства в современных условиях//Вестник КазНУ (серия экономическая). - 2015.- № 6. - С. 17-20.
3. Сүндетұлы Ж.С., Исмаилова А.С., Нөкешева А.Ж. Қазақстан

Республикасы аграрлық секторын дамыту басымдықтары//Проблемы агрорынка.
- 2016.- № 2. - С. 16-21.

Жаннакова Н.Н., Тулеметова А.С., Маканбаев Т.Д.
Южно-Казахстанский университет им. М.Ауэзова

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІҢ ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫН ДАМУДАҒЫ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРІ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Экономикасы дамыған мемлекеттерде шағын және орта кәсіпорындарды қаржылық қолдау жүйелі жолға қойылған. Соның арқасында сол мемлекеттердің өсуіндегі ШОБ-тың алатын орны да айрықша көзге түседі. Атап айтатын болсақ, ішкі өнімнің жоғары деңгейіне қол жеткізу, жұмыспен қамтудың жоғары дәрежесін көрсетеді. Осындай жетістіктерге жету үшін ол мемлекеттерде қаржылық институттар құрылып, олар арнайы бағдарламаларды ұсынып отырды. Сонымен қатар арнайы құрылған ұйымдар, банктер арқылы несиелеудің тиімді жолдарын ұсынды. Мемлекеттік және жеке меншік қаржылық мекемелер, олардың ішінде венчурлық, инвестициялық, сақтандыру компаниялары даму алды және ШОБ-тың дамуына ықпал етті.

Біздің мемлекетімізде ШОБ-ты дамыту үшін тиісті заңдық-нормативтік түрлі құжаттар қабылданып, тиесілі институттар құрылып өз жұмыстарын атқаруда. Олардың мақсаты - ШОБ-ты дамыту арқылы отандық өндірісті дамыту, жұмыспен қамтуда туындайтын мәселелерді шешу, халықтың әл-ауқатын көтеру, ішкі жалпы өнім мөлшерін арттыру, шетелдерге өндірілген өнімді шығару мәселесін шешу .

ШОБ-ты дамытудағы 20-30 жылдық тәжірибесі бар мемлекеттердің қатарында Жапония, Корея, АҚШ, Германия, Франциялардың қазіргі кездегі осы бағыттағы атқарып жатқан іс-шараларына қатысты ақпарат материалдарына талдау өткіздік. Осы елдер қатарына соңғы жылдары жоғары қарқынмен дамып келе жатқан Қытай мен Түркия мемлекеттерінің тәжірибелерінде қарастыруды

жөн көрдік. Солардың нәтижесінде жасаған негізгі тұжырымдарға тоқталдық. Ең алдымен ШОБ-ты мемлекеттік қолдаудың бағыттарын дұрыс анықтап алу қажет екен. Оларды жалпы 9-топқа бөлдік (1-кесте). Бұл топқа бөлу негізінен Кореялық тәжірибе дайындаған бағдарламаға сүйеніп алынды. Олар:

- 1) ШОБ-қа қажетті заңдық базасын қамтамасыз ету;
- 2) Бизнес ашуға жеңілдетілген процедуралар жасау;
- 3) Бизнесі қайта құруға бағытталған жеңілдіктер қарастыру;
- 4) Кадрларды даярлау және бірегей технологияларды дамыту;
- 5) ШОБ-тың инновациялық кәсіпорындарына түрлі (қаржылық) қолдау көрсету;
- 6) Мемлекеттің ШОК-ты инвестиция тарту арқылы қолдауы;
- 7) Мемлекеттік тапсырыс беру жүйесін кеңейту арқылы ШОК-ты қолдауы;
- 8) Ірі кәсіпорындардың ШОК пен интеграциялануын қолдау;
- 9) ШОК-ты қолдаудың басқа да (қаржылық емес) құралдарын дамыту болып тоғыз топқа бөліп қарастырдық [1].

Дегенмен кейбір мемлекеттердің іс-тәжірибесінде қабылдаған бағдарламалар мазмұны бойынша жоғарыдағы сыныптау аумағына тура келе бермеуі мүмкін. 4-кестеде Корея тәжірибесі көбінесе нақтырақ көрсеткіштерге ие, дегенмен осы нақтылық талдаудың негізгі нәтижесіне ешқандай әсерін тигізбейді деп сендірмекпіз. Оған мысал ретінде 30 жылдық тарихы бар АҚШ-тағы «Бизнесі ашуға жеңілдетілген процедуралар» тобы ешқандай проблемалар қатарына жатпайды, өйткені ол мәселелер өз шешімін ілгеріде шешіп қойған. Дәл осындай жағдай Германияда, Францияда, Түркияда, Жапонияда орын алады немесе топтамадағы «Әлсіз компанияларды қайта құру» Корея мемлекетінде басқа шешіммен болса АҚШ пен Жапонияда «Жаңадан бастаған және бұрыннан келе жатқан ШОБ-ты қолдау» болып екіге бөледі [2].


ШОК-ты мемлекеттік қолдаудың тағы бір түрі болып «Сатып алу жүйесін іске асыру» арқылы да өткізуге болады екен, мәселен мемлекеттік мекемелер жоспарлы түрде алдын-ала берілген тапсырыстар бойынша сатып алу Кореяда

іске асырылған және де осы мемлекетте ШОК-тар арасында міндетті бәсекелестік жүйесін құру қарастырылған, ол осы мәселенің екінші ұшы десекте болатын Германиядағы қолданылатын заң жүзіндегі көрсеткіш «Мемлекет ШОК-ты бәсекелестіктен қорғауға құқы жоқ» – деп бекіткен. Есесіне Германияда, Түркияда нарық механизмдерін дамытуды қолдау басымдыққа ие. Бұл топтан тағы бір атап айтатын көрсеткіш Жапонияда «Бизнесті капиталмен қамтамасыз етуді қолдау» нақты қарастырылған.

«ШОК-тардың ірі компаниялармен ынтымақтасуы» арқасында тұрақты тапсырыстармен, материалдық қолдауларға, кепілдік қолдауларға, қаржылық ортақ қызығушылық жобаларды іске асыру арқылы ШОК-тар жоғарғы деңгейдегі экономикалық, әлеуметтік техникалық, технологиялық ұйымдастырушылық, басқарушылық жетістіктерге қол жеткізіп отыр [3].

АҚШ-та шағын бизнесті дамыту орталығы (ШБДО) - бүкіл мемлекеттегі ШОБ-тарды, университеттерді, сауда-өнеркәсіптік палаталарын, билік орындарын, үкіметтік емес ұйымдардың күшін біріктіретін қоғамдық ұйымдар жүйесі (1-сурет).

Бұл орталықтың негізгі қызметтеріне кәсіпкерлерге кеңес беру, тренингтер өткізу болып табылады. Шағын бизнесті дамыту орталықтары көп жылдардан бері қалыптасқандықтан ШОБ-тарға қызмет түрін екі бағытта жүргізеді, өйткені бұрыннан жұмыс жүргізіп келе жатқан кәсіпорындармен жаңадан ашылып жатқан кәсіпорындардың алдындағы проблемаларда әртүрлі болып келеді, атап айтқанда: бизнесті жаңа бастаған кәсіпорындар бизнес саласын анықтаумен бизнес-жоспар құрудан өз жұмысын бастап, сонан соң қаржы көзін тарту мәселесін шешулері қажет. Ал ілгеріден келе жатқан кәсіпорын кірісті арттыру жолдарын талдау, бағалаумен айналысады, сонымен қатар өндірілген өнімдерін экспортқа шығару жолдарын қарастырады.



1 сурет - АҚШ-тағы шағын бизнесті дамыту орталығының (ШБДО) құрылымы

Сонымен қатар шағын кәсіпорындардың екі түрін дамытуда да тәжірибесі мол мамандар кеңес береді. Бизнесті дамыту орталықтарында қызметтің басым көпшілігі тегін түрде жүргізеді. Ақылы түрде тек қана тренингтер мен ақпараттық-әдістемелік материалдар ғана ұсынылады, олардың құны қымбат емес. Мемлекет тарапынан шағын бизнесті дамытуды тұрақты қаржыландыру арқылы ел экономикасының тиімділігіне қол жеткізу, халықты жұмыспен қамту, федералдық бюджетке кірістер әкелу нәтижесінде халықтың орта тобын құру болып табылады. Осындай қызметтердің көпшілігін кестеде келтірілген мемлекеттердің басым көпшілігі атқарады екен, атап айтқанда келтірілген 7

мемлекеттің консультациялық қызмет көрсетумен 6-ы, тренингтер өткізумен – 4, бизнеске көмектесу бағдарламасы – 7 мемлекетте қолданады екен. Бірақта бұл қызметтерді жүзеге асыру барлық мемлекеттерде әртүрлі құрылымдармен өз шешімдерін табады.

Өте дамыған мемлекеттің бірі ретінде Германияны айтуға болады. Бұл елде жұмыс орындарының 70 пайызға жуығы шағын және орта кәсіпорындар үлесіне тиесілі. Мемлекет шығаратын экспорттық өнімнің 30 пайыз үлесі ШОК-ке тиесілі. Сонымен қатар ІЖӨ-нің 57 пайызы осы саланың үлесінде. Жоғарыда қарастырған АҚШ-тағы тәжірибеде ШОК-ті қаржылық қолдаудың тұрақты жүйесін қарастырсақ, Германияда мемлекет ШОК-тардың нарықтық даму механизмдерін жетілдіру арқылы олардың дербестігін қамтамасыз етеді және нарықтық бәсекелестікке қол жеткізуіне жағдай жасайды. Сондай-ақ, мемлекеттік қолдау басымдығы ШОК-тің капитал нарығы мен жаңа технологияларға қол жеткізуіне жеңілдіктер беруінде.

Үкіметтің шешімдері мен нұсқауын басқарудың орындалуын іс жүзінде оң нәтиже бермей отырғандығы баршаға мәлім[4]. Осыған байланысты шағын және орта бизнесті дамыту үшін басқарудың жаңа жолдарын қарастыру қажет. Атап айтқанда кәсіпкерлікті дамытудың жаңа жобаларын даярлап оларға қатаң және тұрақты бақылаулар өткізу қажет және де ШОБ-тың артықшылықтарын дәріптейтін жүйелі ақпараттық бағдарламалар тиянақты іске асырылуы қажет. ШОБ-тың жетістіктерін бағалайтын көрсеткіштерді бекітіп, олардың көрсеткіштерін жалпы ақпарат жүйелерінде жария етуді қалыптастыру қажет.

Экономикасы дамыған елдерде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың 9 бағытын атап көрсеттік, олардың ішінде қолдау үшін негізінен салықтық жеңілдіктер қарастырылады, мысалы табыстан алынатын салық ставкасын төмендету, жеңілдетілген бухгалтерлік есеп жүргізу және салықтық есептіліктің жеңілдетілген жолдары қарастырылған, сонымен қатар салықтың прогрессивті жолдарын қолданады. Осындай қолдаулардың нәтижесін біздің мемлекеттің статистикалық көрсеткіштерін қарағанда ШОБ үлесі 20 пайыздың шамасын

құрайды екен, ал нақты салалар бойынша талдауды келесі баптарда қарастырамыз [5].

Шағын және орта бизнес өңірлерді дамытудың негізгі бағыты болса, олардың тиімділігін арттыру үшін жалпы халыққа мемлекет тарапынан шағын кәсіпкерлікке жасап жатқан қолдаулардың жариялығын арттыру арқылы кәсіпкерлердің қатарын кеңінен көбейтіп, жұмыс істеп жатқан ШОБ-тардың тиімділігін арттыруға қол жеткізуге болар еді.

Біздің пікірімізше ол үшін әрбір өңірде ШОБ-ты дамытудың негізгі бағыттарын бекітіп алу және жұмыс атқарып жатқан шағын кәсіпорындардың тиімділігін арттыру жолдарын қарастыру керек. Осы дайындалған жобаларды мүмкіндігінше талдап талқылаудан өткізу және түрлі сараптамадан өткізу және баға беру, сонан соң дайындалған ШОБ-ты дамытудың негізгі жолдарын бекіту болып табылады. Оларды жария ету және тиісті жерлерде үйлестіру. Соңғы сатыда қабылданған негізгі бағыттардың іске асыру жолдарын бақылау жүргізіп отыру. Атқарылған іс нәтижесінде әрбір жоба бойынша қорытынды жасап баға беріп отыру қажет және де қажетті толықтырулар, өзгертулер енгізіп отыру қажет.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» Заңы 28 ақпан 1997 жылы (соңғы өзгерістер мен толықтыруларды есепке алғандағы).
2. Сағындыкова С. Иностранные инвестиции в Казахстане: анализ и прогноз инвестиционных процессов в экономике. Алматы: Ғылым, 2014 ж
3. Гендер М.И. Инвестиционный климат стран СНГ // Business central -2013. – Desember,15 -7.-с 24-27
4. Кадрова Н.Н. Финансирование и кредитование инвестиций: Учебное пособие – Алматы, 2013 г
5. Национальный инвестиционный веб-сайт. <http://invest.gov.kz>

Жаннакова Н.Н., Тулеметова А.С., Маканбаев Т.Д.
Южно-Казахстанский университет им. М.Ауэзова

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ЖӘНЕ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДА ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІҢ ДАМУЫ

Нарықтық экономикадағы шағын орта кәсіпкерлік (ШОК) -экономиканың өсу қарқынын, ЖҰӨ құрылымы мен сапасын айқындайтын жетекші сектор. Әлемдік тәжірибе дамыған нарықтық экономикасы бар елдердің өзінде шағын кәсіпкерлік халық шаруашылығының дамуына, әлеуметтік мәселелерін шешуге, жұмыспен қамтылған қызметкерлер санының артуына елеулі әсер ететінін дәлелдеді. Жекелеген елдерде жұмыс істейтіндердің саны, өндірілетін және сатылатын тауарлардың, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі бойынша жетекші рөл атқарады [1].


Аймақтарды дамытуда шағын және орта бизнес үлкен рөл атқарады.

Түркістан (бұрын Оңтүстік Қазақстан) облысы және Шымкент қаласы Қазақстанның халық тығыз орналасқан елді мекендерінің бірі болып табылады. Мұнда Қазақстан халқының 15% - ы тұрады.

Қазақстан Президенті "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымының кейбір мәселелері туралы" жарлыққа қол қойды. Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылымындағы өзгерістерге байланысты Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімшілік орталығы-Түркістан қаласы болып қайта аталды. Сонымен қатар Шымкент қаласы Республикалық маңызы бар қала болды.

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері бойынша Шымкент қаласының ЖАӨ 2,0 трлн.деңгейінде бағаланды. бұл өңірге ЖІӨ-дегі 3,4% үлесін

қамтамасыз етті. Түркістан облысының ЖАӨ 1,65 трлн. Теңге деңгейінде бағаланды. Бұл аймақтағы ЖІӨ 2,8% үлесін қамтамасыз етті. 2020 жылдың қорытындысы бойынша Шымкент қаласы ЖАӨ – дегі ШОК үлесінің көрсеткіші бойынша 8 орын алды (24,4%), ал Түркістан облысы-12 орын (18,8%) (1-сурет) [2].




1 сурет – 2020 жылдың қорытындысы бойынша «Аймақтардың ЖАӨ-дегі ШОК ЖҚҚ үлесі» көрсеткіші бойынша Шымкент қаласы мен Түркістан облысының позициясы, %

2020 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның ЖІӨ-дегі ШОК үлесінің көрсеткіші бойынша Шымкент қаласы 3,4% көрсеткішімен 11-ші орында, ал Түркістан облысы рейтингтің аутсайдерлерінде тұр және 2,7% көрсеткішімен 14-ші орында тұр. Түркістан облысында және Шымкент қаласы бойынша кәсіпкерліктің дамуын талдау үшін өңірдегі бизнес-құрылымдардың жұмыс істеу нәтижелілігін анықтау үшін негізгі болып табылатын кейбір көрсеткіштерді келтіреміз. Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша

тіркелген және белсенді шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) субъектілерінің саны 2-суретте келтірілген [3].

2021 жылғы 1 қаңтарға Түркістан облысындағы жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны 130,8 мың бірлікті құрады. Шок құрылымында шаруа (фермер) қожалықтары 52,7% (69,0 мың бірлік) үлесімен көшбасшы орынға ие. Одан кейін 54,7 мың бірлік жеке кәсіпкерлерге сәйкес келеді, бұл 41,8% құрайды. Заңды тұлғалар – 5,5% (7,1 мың бірлік), бұл облыстағы ауыл шаруашылығы дамуының басым болуымен түсіндіріледі.

2021 жылғы 1 қаңтарға Шымкент қаласында жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны 58,0 мың бірлікті құрады. ШОК құрылымында жеке кәсіпкерлер 75,2% (43,7 мың бірлік) ең көп үлесті алады, одан кейін заңды тұлғалар 21,2% (12,3 мың бірлік) сәйкес келеді, шаруа (фермер) қожалықтарының үлесіне 3,6% (2,1 мың бірлік) сәйкес келіп отыр.



2 сурет - Түркістан облысында және Шымкент қаласы бойынша тіркелген және жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны

2-сурет жалпы облыс және Шымкент қаласы бойынша 2017 жылы тіркелген шағын және орта бизнес субъектілері санының қысқаруын және

олардың аздап өсуін көрсетеді. Бұл үрдіс облыстың жұмыс істеп тұрған субъектілеріне де тән болып отыр. Сонымен қатар, 2016-2020 жылдары Шымкент қаласы бойынша жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің өсуі байқалады. Жалпы Қазақстан бойынша, жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны тіркелгендердің санынан ерекшеленеді.

Тіркелген және жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпорындардың ең көп саны (1 кесте) Шымкент қаласында-облыс бойынша ШОБ субъектілерінің 50-58% - дан астамы әрекет етеді. Бұдан басқа, жұмыс істеп тұрған шағын кәсіпорындар саны Түркістан қаласы, Сарыағаш, Сайрам және Қазығұрт аудандары бойынша алдыңғы қатарда тұр [4]. Тіркелген және жұмыс істеп тұрған шағын кәсіпорындар саны Түркістан облысы бойынша да, Шымкент қаласы бойынша да артып келеді.

1 кесте – Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша әрекет ететін тіркелген шағын және орта кәсіпорындардың саны

Аудандар, қала аймақ	Барлығы					Оның ішінде әрекет етуші				
	2016	2017	2018	2019	2020	2016	2017	2018	2019	2020
ОҚО	28 944	29 435	31137	33686	-	15 270	15 842	17200	19930	-
қ.Шымкент	18 029	17 924	19089	20795	21241	9 126	9 002	9815	11346	13345
Түркістан облысы	-	-	-	-	13460	-	-	-	-	9589
қ. Түркістан	823	875	950	1 069	1 029	597	623	694	849	857
Арыс қ.	623	660	662	686	705	363	360	326	441	493
Кентау қ.	357	407	421	428	685	229	254	270	292	539
Байдібек ауданы	445	490	507	536	553	280	351	382	410	432
Жетісай ауданы					1 183					702
Келес ауданы					503					364
Қазығұрт ауданы	656	724	753	834	900	431	529	532	645	716
Мактаарал ауданы	1 557	1 559	1 668	1 755	636	647	793	855	989	398
Ордабасы ауданы	929	987	1 011	1 068	1 057	444	473	562	659	707
Отырар ауданы	674	682	698	731	740	368	377	482	529	593
Сайрам ауданы	1 086	1 164	1 193	1 294	1 382	565	637	697	812	911
Сарыағаш ауданы	1 635	1 659	1 812	1 945	1 482	861	1 007	1 084	1 250	1 007
Созақ ауданы	320	379	401	449	459	188	239	235	294	323
Төлеби ауданы	751	795	821	869	903	525	527	560	606	657
Түлкібас ауданы	592	625	646	686	711	383	422	427	494	560
Шардара ауданы	467	505	505	541	532	263	248	279	314	330

Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша 2016-2020 жылдары тіркелген жеке кәсіпкерлер саны қысқаруда, сонымен қатар жұмыс істеп тұрған

жеке кәсіпкерлер саны ұлғаюуда, бұл 2017 жылы бизнесті жабудың жеңілдетілген рәсімін енгізуге байланысты болды (8 кесте). Шымкент қаласы бойынша жеке кәсіпкерлердің шамамен 60% - ы ұсынылған. Жеке кәсіпкерлер саны бойынша ең үлкен үлес салмақты Түркістан қаласы, Сайрам және Сарыағаш аудандары, ең аз үлес салмақты Бәйдібек, Мақтарал және Отырар аудандары алады.

Түркістан облысы бойынша 2016-2020 жылдары тіркелген және жұмыс істеп тұрған шаруа (фермер) қожалықтарының саны ұдайы өсуде, ал Шымкент қаласы бойынша тіркелген ФШҚ саны қысқаруда (9 кесте). Шымкент қаласы бойынша жұмыс істеп тұрған ФШҚ саны 2016 жылдан бастап төмендеу үрдісі байқалады. Шаруа (фермер) қожалықтарының саны бойынша ең үлкен үлес салмақ Жетісай, Мақтарал, Сайрам және Ордабасы аудандарында, ең аз үлес салмақ Түркістан қаласы мен Арыс қаласы, Бәйдібек және Отырар аудандарында орын алып отыр.

Облыстың жалпы жұмыспен қамтудағы ШОК үлесі 25,9% немесе 204,4 мың адамды құрайды. Шаруа (фермер) қожалығында жұмысқа орналасқандардың ең көп саны – 82,6 мың адам немесе Түркістан облысындағы ШОК жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 40,4% құрап отыр. Жеке кәсіпкерлермен 34,1% немесе 69,7 мың адам жұмысқа орналастырылды. Шағын және орта кәсіпкерліктің заңды тұлғаларымен 52,1 мың адам жұмысқа орналастырылды, бұл Түркістан облысының ШОК жұмыспен қамтылғандар санының 25,5% – ын құрайды (ШК-21,6% және БК 3,8%).

Осылайша, Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту саласындағы нақты көрініс бұл сектордың ел экономикасын дамытуда әлі басты позицияға ие болмағанын көрсетеді. Республиканың экономикалық кешенін дамытуға шағын кәсіпкерліктің үлесі мен салымы жылдан жылға артып келеді. Бүгінгі таңда шағын бизнес ел бюджетінің 11% - ын құрайды және оның ЖІӨ-дегі үлесі 28,4% - ды құрайды. Қазақстандағы кәсіпкерлік ахуал қазір соңғы 22 жылда ең қолайлы болып табылады. Қазіргі уақытта шағын кәсіпкерлік секторы

республика экономикасында біртіндеп өз орнын алады және уақыт өте келе саяси және экономикалық қуатты күш болып табылады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1.Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы 2020 жылғы қаңтар-желтоқсан, Шымкент 2021 жыл. www.ontustik.stat.kz

2.Нурланова Н.А. Бейсенбина А.К. Оценка потенциальных инвестиционных возможностей регионов// Капитал, инвестиции, технологии. – 2013, №11, с. 29-32

3. Нурсеит Н., Нурсеитова Р. Текущее состояние развития и кредитования малого бизнеса // «Экономика и статистика»,№2,2018 ж.

4.Официальный сайт Агенства Республики Казахстан по статистике.stat.gov.kz

Жаннакова Н.Н., Тулеметова А.С., Тиштык Ш.К.
Южно-Казахстанский университет им. М.Ауэзова

АЙМАҚТЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ


Инвестициялық климат-бұл аймақ экономикасына инвестициялар ағынын анықтайтын саяси, экономикалық, әлеуметтік, табиғи, инфрақұрылымдық және басқа жағдайлардың жиынтығы.

Тәуекел ұғымы бойынша инвестициялардан күтілетін пайда алуға қатысты белгісіздік және шығындар ықтималдығы түсіндірледі.

ИҚ жүйесінің әлеуетіне логикалық жақын элементтер:

- инвестициялық белсенділік;
- инвестициялық климат;
- инвестициялық тартымдылық;
- инвестициялық тәуекелдер.

Келесі 1 сурет кейбір көрсеткіштердің басқаларына тәуелділігін айқын көрсетеді:



1 сурет - Аймақтық инвестициялық талдаудың құраушысы [2]

Аумақтың инвестициялық әлеуеті аймақтың инвестициялық тартымдылығының сандық және сапалық өлшемі болып табылады. Инвестициялық тәуекелдердің деңгейін ескере отырып, инвестициялық климат у инвестициялық әлеуеттіскеасыруға мүмкіндік береді. Аймақтың инвестициялық әлеуетін сауатты және дұрыс бағалау өте маңызды, бұл инвестициялық салымдардың жоғары нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді [3].

Аймақтық инвестициялық әлеуеті - бұл аумақтың инвестициялық тартымдылығын сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің бірі. Бұл санат қазіргі экономикалық әдебиеттерде жиі кездеседі, экономикалық мағынаны түсіндірудің көптеген тұжырымдары мен тәсілдері ұсынылады, бірақ оның нақты анықтамасы берілмейді.

Инвестициялық әлеуетке қатысты жоғары позицияны инвестициялық қызмет (ИК,) субъектісінің экономикалық әлеуеті алады, оны деңгей бойынша мемлекет, сала, аймақ, муниципалитет және кәсіпорын (ұйым) тұрғысынан қарау керек. Экономикалық әлеует екі тұрғыдан қарастырылады: қызмет субъектісінің ресурстық әлеуеті тұрғысынан, сондай-ақ субъектілер мен объектілердің өндірістік және экономикалық қызметті нәтижелі және тиімді жүргізу қабіетіне негізделген (1-кесте).

Кейбір авторлар аймақтың, инвестициялық әлеуетін аймақтың қарыз капиталын және тартылған қаражаттың басқа көздерін пайдаланбай инвестициялық ресурстарға деген қажеттіліктерін өтеу мүмкіндігі ретінде қарастырады. Бұл анықтаманы аймақтағы өндіріс факторларының және капиталды қолдану салаларының жиынтығы ретінде түсіндіруге болады.

Бұл негізгі макроэкономикалық сипаттамаларды, аумақтың өндіріс факторларымен (табиғи ресурстармен, жұмыс күшімен, негізгі қорлармен, инфрақұрылыммен және т.б.) қанықтылығын, халықтың, тұтынушылық сұранысын және басқа көрсеткіштерді ескеретін сандық сипаттама.

Аймақтың инвестициялық әлеуеті аумақтың инвестициялық тартымдылығының басты және базалық құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Ол белгілі бір жағдайларда аймақ субъектісінің ұзақ мерзімді бәсекелестік артықшылықтарына айналуы мүмкін аймақтың білім берудің абсолюттік және салыстырмалы артықшылықтарының мазмұнын анықтайтын факторлардың жиынтығын қамтитын «аумақтың инвестициялық сыйымдылығын» сипаттайды.

1 кесте - Инвестициялық әлеуетті айқындау нұсқаларының салыстырмалы кестесі

авторлар	Инвестициялық әлеуетті анықтау нұсқалары
Н.Д. Гуськова	«Инвестициялық әлеует макроэкономикалық сипаттамаларды, аумақтың өндіріс факторларымен қанықтылығын, халықтың тұтынушылық сұранысын және басқа параметрлерді ескереді».
